

Кәсіптік стандарт: «Анықтамалық-ақпараттық қызметтердің қызметі»

## 1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолданылу аясы: «Анықтамалық-ақпараттық қызметтердің қызметі» кәсіби стандарты Қазақстан Республикасының «Кәсіби біліктіліктер туралы» Заңының 5-бабына сәйкес әзірленген және білім беру бағдарламаларын, соның ішінде кәсіпорындардағы персоналды оқытуды қалыптастыруға, қызметкерлер мен білім беру ұйымдары түлектерінің кәсіби біліктілігін тануға, сондай-ақ ұйымдар мен кәсіпорындардағы кадрлық басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) кәсіби стандарт – Кәсіби қызметтің нақты саласында формалды және (немесе) формалды емес, және (немесе) бейресми білімді, жұмыс тәжірибесін ескере отырып, білімге, іскерлікке, дағдыға, біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасы мен жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды айқындайтын жазбаша ресми құжат.

2) Кәсіп – Жеке тұлға жүзеге асыратын және оны орындау үшін белгілі бір біліктілікті талап ететін кәсіп.

3) Сөйлеу аналитикасы – Қоңырауларды талдау, транскрипциялау және бағалау үдерістерін автоматтандыруға арналған құрал.

4) Шағым – Әкімшілік рәсімге қатысушының өзіне немесе өзге тұлғаларға қатысты әкімшілік актімен немесе әкімшілік әрекетімен (әрекетсіздігімен) бұзылған құқықтарын, бостандықтарын не заңды мүдделерін қалпына келтіруді немесе қорғауды талап ететін жүгінудің бір түрі.

5) сұраныс – Жеке немесе қоғамдық сипаттағы қызықтыратын мәселелер бойынша ақпарат ұсынуды сұрайтын әкімшілік рәсімге қатысушының өтініші;

6) білім – Кәсіби тапсырманы орындау шеңберінде әрекеттерді жүзеге асыруға қажетті меңгерілген және игерілген ақпарат.

7) өтініш – Әкімшілік органға немесе лауазымды тұлғаға жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық түрде), ауызша не бейнеконференцбайланыс формасында жолданған өтініш немесе шағым.

8) омниканалдылық – Барлық қолданыстағы байланыс арналары үшін бірыңғай платформаны пайдалану — бұл нақты уақыт режимінде клиенттің сұрауын бір терезе арқылы өңдеуге мүмкіндік беретін шешім. Ол барлық коммуникация арналары және деректер базаларымен, соның ішінде клиенттің жеке деректерімен, жүгінулер тарихымен, сондай-ақ клиентке қажет болуы мүмкін басқа ақпаратпен толықтай интеграцияланған.

9) оператор – Клиенттерді қызықтыратын қызметтер бойынша ақпараттық-анықтамалық қолдау көрсететін контакт-орталық қызметкері.

10) дағды – Кәсіби тапсырманы толық орындауға мүмкіндік беретін білім мен іскерлікті қолдану қабілеті.

11) Еңбек функциясы – Еңбек үдерісіндегі бір немесе бірнеше тапсырманы шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жиынтығы.

12) Қайта бағыттау – Клиентті контакт-орталыққа немесе әкімшілік органға қайта бағыттау мүмкіндігі, әрбір жүгінуді, оның мәртебесін бақылауға және мәселенің шешімі туралы клиентті дер кезінде хабардар етуге мүмкіндік береді.

13) байланыс арнасы – Клиенттің контакт-орталықпен өзара әрекеттесуіне мүмкіндік беретін құрал (мысалы: веб-чат, электрондық пошта, дауыс байланысы).

14) клиент – Контакт-орталық арқылы қызмет алатын заңды немесе жеке тұлға.

15) колл-орталық – Қызмет тұтынушыларымен (абоненттермен/халықпен) өзара әрекеттесу арқылы қызмет жүргізетін, дербес құрылымдық бөлімше не контакт-орталық құрамына кіретін бөлім. Байланыс дауыстық қоңырау арқылы жүзеге асырылады (Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мобильді және қалалық телефондардан бірыңғай нөмірге қоңырау шалу мүмкіндігі бар).

16) құпия ақпарат – Ақпарат үшінші тұлғаларға беймәлім болғандықтан, заңды негізде еркін қолжетімділігі жоқ болған жағдайда нақты немесе әлеуетті коммерциялық құны бар қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат.

17) контакт-орталық – Дауыстық және дауыссыз (интернет-ресурстар, мобильді қосымшалар арқылы) байланыс арналары арқылы жүгінулерді (сұрау, өтініш, ұсыныстарды) тіркеу, өңдеу және ақпарат ұсыну үшін жауапты мамандандырылған ұйым немесе кәсіпорынның құрылымдық бөлімшесі.

18) диспетчерлік қызмет – Жеке және заңды тұлғалардан төтенше жағдайлардың туындау алғышарттары немесе туындауы, өрт, адам өмірі мен денсаулығына қауіп төнуі, сондай-ақ шұғыл көмек көрсетуді талап ететін өзге де жағдайлар туралы хабарламаларды қабылдап, өңдеуді жүзеге асыратын, әрі қарай өз құзыреті шегінде жедел қызметтердің әрекеттерін үйлестіруді қамтамасыз ететін қызмет.

19) іскерлік – Кәсіби тапсырма шеңберінде жекелеген әрекеттерді физикалық және (немесе) ойлау қабілеті арқылы орындау мүмкіндігі.

20) құзырет – Еңбек функциясын құрайтын бір немесе бірнеше кәсіби тапсырманы орындауға

мүмкіндік беретін дағдыларды қолдану қабілеті.

21) кәсіби біліктілік – Кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындауға қажетті құзыреттерді меңгеруді сипаттайтын кәсіби дайындық деңгейі.

22) жедел қызмет – Жеке және заңды тұлғалардан жедел көмек көрсету туралы, өмірге, денсаулыққа, мүлікке, қоршаған ортаға нақты қауіп төнген жағдайда немесе аталған қауіптердің туындауына нақты негіз болған кезде хабарламаларды қабылдау мен өңдеуді жүзеге асыратын қызмет.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) БТБА – Жұмысшылардың кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

2) КС – Басшылардың, мамандардың және өзге де қызметшілердің лауазымдарының біліктілік анықтамалығы

3) ҰКЖ – Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіби жіктеуіші

4) СБШ – Салалық біліктілік шеңбері

5) ЭҚТЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші

6) Орталық – колл-орталық және контакт-орталық;

7) ЖК – Жеке компьютер.

## 2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Анықтамалық-ақпараттық қызметтердің қызметі

5. Кәсіптік стандарттың коды: J63991088

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

J Ақпарат және байланыс

63 Ақпараттық қызмет көрсету саласындағы қызмет

63.9 Ақпараттық қызмет көрсету саласындағы өзге қызмет

63.99 Басқа топтамаларға енгізілмеген, ақпараттық қызметі саласындағы өзге қызмет

63.99.1 Компьютерлендірілген телефон байланысы қызметтерін ұсынумен байланысты қызметтің

өзге түрлері

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Кәсіби стандарт түрлі меншік нысанындағы жеке және заңды тұлғаларға анықтамалық-ақпараттық қызмет көрсететін мамандардың жұмысын реттейді. Ол заманауи цифрлық технологияларды пайдалана отырып, кіріс және шығыс қоңырауларды өңдеу орталықтарының қызметін қамтиды.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

1) Call-орталықтың басшысы (басқарушысы) - 6 СБШ-нің деңгейі

2) Көрсетілетін қызметтердің сапасын талдау және бақылау жөніндегі маман - 6 СБШ-нің деңгейі

3) Call-орталық қызметкері - 3 СБШ-нің деңгейі

4) Call-орталығының операторы - 4 СБШ-нің деңгейі

5) Байланыс торабының бақылаушысы - 4 СБШ-нің деңгейі

6) Әкімші - 5 СБШ-нің деңгейі

7) Экономист-аналитик - 6 СБШ-нің деңгейі

8) Қолдау қызметінің талдаушысы - 4 СБШ-нің деңгейі

9) (Басқа салаларға маманданған) топ жетекшісі - 6 СБШ-нің деңгейі

10) Call-орталықтың басшысы (басқарушысы) - 7 СБШ-нің деңгейі

## 3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

### 9. Кәсіптің карточкасы «Call-орталықтың басшысы (басқарушысы)»:

Топтың коды:	1234-2		
Қызмет атауының коды:	1234-2-001		
Кәсіптің атауы:	Call-орталықтың басшысы (басқарушысы)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты өлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы, 43-параграф		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Жоғары білім және анықтамалық-анықтамалық қызметтер саласында кемінде үш жылдық расталған еңбек өтілі.		

Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Мамандандыру курстарында біліктілікті арттыру бойынша оқыту нәтижелерін құжатпен растайтын неформалды білімнің болуы, немесе қашықтықтан ақпараттық-кеңес беру саласында маманның құзыреттілігі мен тәжірибесін растайтын (мысалы, сертификаттар, кәсіби еңбек өтілі) информалды білімнің болуы рұқсат етіледі. Қажеттілігі — сәйкес салада кемінде үш жылдық еңбек өтілін міндетті түрде растайтын құжат болуы.	
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	1210-0-056 - Фирма директоры 1234-1-001 - Клиенттерге арналған сервис қызметінің басшысы (басқарушысы)	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Қызметкерлермен жоғары сапалы өзара әрекеттесуді және ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету процестерін тиімді басқару мен оңтайландыру арқылы қызметтің мақсатты көрсеткіштеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.	
<b>Еңбек функциялардың сипаттамасы</b>		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Ұйым деңгейінде ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуді басқарудың бірыңғай жүйесін жоспарлау және басқару. 2. Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуге қатысатын бөлімшелердің қызметін ұйымдастыру және үйлестіру. 3. Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетудің барлық жүйелері мен процестерінің жұмысын бақылау.
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Ұйым деңгейінде ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету жүйелері мен процестерін жетілдіру жобаларын басқару.
Еңбек функциясы 1: Ұйым деңгейінде ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуді басқарудың бірыңғай жүйесін жоспарлау және басқару.	Дағды 1: Ұйымдағы клиенттерге қызмет көрсету жүйесіне кіретін құрылымдық бөлімшелердің ағымдағы және перспективалық жұмыс жоспарларын әзірлеу және бекіту.	Машықтар:
		1. Қашықтықтан клиенттерге қызмет көрсету подсистемасындағы ұйымның қызметін жоспарлау; 2. Жобаларды, соның ішінде арнайы құралдарды пайдалана отырып, жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау; 3. Өз ойларын нақты және түсінікті білдіру, презентациялар өткізу, келіссөздер жүргізу; 4. Ұзақ мерзімді перспективаларды көру және болашаққа жоспарлар құру.
		Білімдер:
		1. Байланыс ақпараттық орталықтарының қызметін ұйымдастыру негіздері; 2. Байланыс ақпараттық орталықтарын басқарудың ұлттық және халықаралық стандарттары, үздік отандық және шетелдік тәжірибелер; 3. Сапа басқару жүйелері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	Дағды 2: Қашықтықтан клиенттерге қызмет көрсету жүйесіне кіретін құрылымдық бөлімшелердің қызмет нәтижелерін бағалау.	Машықтар:
1. Жоспарлау, ұйымдастыру, тиімділікті және қызмет сапасын бағалау саласындағы кәсіби міндеттерді орындаудың стандартты әдістері мен тәсілдерін қолдану; 2. Бизнесітегі өзгерістерге бейімделу және бөлімше аясында жаңа процестер мен технологияларды енгізу; 3. Мақсаттар қою, ілгерілеуді өлшеу және жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ету.		
Білімдер:		
	1. Стратегиялық маркетинг және қызмет тұтынушыларының адалдығын басқарудың негіздері; 2. KPI, BSC (Теңгерілген көрсеткіштер жүйесі), 360 градус әдісі сияқты қызмет көрсетудің тиімділігін бағалау түрлі әдістемелері; 3. Мәліметтерді талдау үшін статистикалық әдістер.	
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылады	

	<p><b>Дағды 3:</b> Қашықтықтан клиенттерге қызмет көрсету жүйесінің бизнес-процестерін жаңғырту және жүйені дамыту бюджетін жоспарлау.</p>	<p><b>Машықтар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жүзеге асыруға байланысты шешімдер қабылдау және тәуекелдерді бағалау;</li> <li>2. Күрделі процестерді жақсы түсіну және талдау үшін кішігірім, басқарылатын бөліктерге бөлу;</li> <li>3. Әрекеттердің тізбегін, өзара байланыстар мен ресурстарды көрсететін статикалық және динамикалық модельдерді әзірлеу;</li> <li>4. Білімі мен құралдарды нақты бизнестің ерекшеліктеріне бейімдеу.</li> </ol> <p><b>Білімдер:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Стратегиялық менеджмент пен дағдарысты басқарудың негіздері;</li> <li>2. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану әдістері, соның ішінде «Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісінің ресурстарын пайдалану;</li> <li>3. Бизнестік процестерді талдау, оңтайландыру және модельдеудің әдістері.</li> </ol>
	<p><b>Дағдыны тану мүмкіндігі:</b></p>	<p>Ұсынылмайды</p>
	<p><b>Дағды 4:</b> Қашықтықтан клиенттерге қызмет көрсету жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және дамытуды қамтамасыз ету мақсатында басқарушылық шешімдерді әзірлеу және қабылдау.</p>	<p><b>Машықтар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қашықтықтан клиенттерге қызмет көрсету подсистемасын дамыту бағдарламаларын әзірлеу;</li> <li>2. Жоспарлау, ұйымдастыру, тиімділікті және қызмет сапасын бағалау саласындағы кәсіби міндеттерді орындаудың стандартты әдістері мен тәсілдерін қолдану;</li> <li>3. Байланыс ақпараттық орталығының стратегиясы мен тактикасындағы өзгерістер көрсеткіштерін талдау.</li> </ol> <p><b>Білімдер:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жобаларды және өзгерістерді басқару әдістері;</li> <li>2. Жүйелік және стратегиялық талдау құралдары.</li> </ol>
	<p><b>Дағдыны тану мүмкіндігі:</b></p>	<p>Ұсынылмайды</p>
	<p><b>Дағды 5:</b> Қашықтықтан клиенттерге қызмет көрсету жүйесінің бөлімшелері мен қызметкерлерінің мақсатты көрсеткіштерін белгілеу және талдау.</p>	<p><b>Машықтар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлердің қызметінің тиімділік көрсеткіштерін қалыптастыру;</li> <li>2. Қызметкерлердің жұмысын ұйымдастыру, мақсаттар қою және міндеттер анықтау, басымдықтарды белгілеу;</li> <li>3. Шешімдер қабылдау және тәуекелдерді бағалау.</li> </ol> <p><b>Білімдер:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Байланыс ақпараттық орталықтарының негізгі тиімділік көрсеткіштерінің мақсатты мәндері;</li> <li>2. Қақтығыстарды басқару теориясы және іскерлік қарым-қатынас психологиясы;</li> <li>3. Қызметкерлерді ынталандыру және мотивацияны арттыру әдістері.</li> </ol>
	<p><b>Дағдыны тану мүмкіндігі:</b></p>	<p>Ұсынылады</p>
<p><b>Еңбек функциясы 2:</b> Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуге қатысатын бөлімшелердің қызметін ұйымдастыру және үйлестіру.</p>	<p><b>Дағды 1:</b> Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру және технологияларды таңдау.</p>	<p><b>Машықтар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Байланыс ақпараттық орталығының басым міндеттері мен функционалдық стратегияларын анықтау;</li> <li>2. Бизнестік процестерді жобалау және олардың орындалуына қойылатын талаптарды қалыптастыру.</li> </ol>

	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұйымдық құрылымды құрудың принциптері, әдістері және технологиялары;</li> <li>2. Басқару командасының мүшелері арасында әртүрлі қызмет мәселелері бойынша ақпараттың тұрақты алмасуын қамтамасыз етудің принциптері, әдістері және технологиялары.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылады
<p>Дағды 2: Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету процесінде бөлімшелер арасындағы жүйелі ақпарат алмасуды ұйымдастыру.</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қашықтықтан ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету процесінің барлық қатысушыларының өзара әрекеттесуін ағымдағы мақсаттар мен міндеттерді орындау, қызмет көрсеткіштеріне жету үшін ұйымдастыру;</li> <li>2. Ақпарат алмасуды реттейтін регламенттер мен процедураларды әзірлеу және енгізу;</li> <li>3. Түрлі ақпарат пен міндеттерге сәйкес ең қолайлы байланыс арналарын таңдау (электрондық пошта, мессенджерлер, бейнеконференция жүйелері және т.б.).</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұйым құрылымын құру принциптері, әдістері, технологиялары және құрылымды анықтаудың құралдары, сондай-ақ стратегиялық тапсырмаларды шешу;</li> <li>2. Байланыс ақпараттық орталығының жұмыс технологиясының негіздері, принциптері, әдістері және құралдары.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
<p>Дағды 3: Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетудің мақсатты көрсеткіштеріне жету үшін желілік басшылардың жұмысын ұйымдастыру және жауапкершілік аймақтарын бөлу.</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Байланыс ақпараттық орталығының құрылымдық бөлімшелерінің материалдық ресурстар мен персоналға қажеттіліктерін талдау;</li> <li>2. Ұйымның атқарушы басшылығын кәсіби өсуі мен дамуы үшін жүйелер құру.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Байланыс ақпараттық орталығының негізгі технологиялық процестері мен жұмыс әдістерінің принциптері, әдістері және құралдары;</li> <li>2. Байланыс ақпараттық орталықтарын басқарудың ұлттық және халықаралық стандарттары;</li> <li>3. Байланыс ақпараттық орталықтарының қызметін ұйымдастырудағы отандық және шетелдік тәжірибелер.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
<p>Дағды 4: Байланыс ақпараттық орталығының ағымдағы және перспективалық жоспарларын орындау бойынша басқарушылық шешімдер қабылдау.</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қашықтықтан ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету бойынша ағымдағы мақсаттар мен міндеттердің жүзеге асырылу нәтижелерін талдау және бағалау;</li> <li>2. Жоспарлар әзірлеу, мақсаттар қою, міндеттер анықтау, ресурстарды бөлу және орындауды бақылау;</li> <li>3. Міндеттерді нақты тұжырымдау, қызметкерлерді ынталандыру, команда және мүдделі тараптармен тиімді қарым-қатынас орнату;</li> <li>4. Баламаларды бағалау, оңтайлы нұсқаны таңдау, шешімдер мен олардың нәтижелері үшін жауапкершілік алу.</li> </ol>

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Байланыс ақпараттық орталықтарының қызметін бақылау және бағалау әдістері, тәсілдері мен ұйымдастыру тәсілдері;</li> <li>2. Ұйымдық құрылымдар, функционалдық міндеттер, бизнестік процестер және олардың өзара байланыстары;</li> <li>3. Қаржылық басқару принциптері, бюджетті жоспарлау, қаржылық көрсеткіштерді талдау және шығындарды басқару.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылады
	<p>Дағды 5: Байланыс ақпараттық орталығының қызметін ұйымдастырудың заманауи формаларын енгізу мақсатында ішкі құжаттарды әзірлеу және орындауын бақылау.</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Орындаушылар ұжымының жұмысын ұйымдастыру;</li> <li>2. Әртүрлі пікірлер жағдайында басқарушылық шешімдер қабылдау;</li> <li>3. Құжат жобасын әзірлеу, келісім жүргізу, қажетті визаларды алу және бекіту.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Байланыс ақпараттық орталықтарының қызметін үйлестіру әдістері, тәсілдері мен тәсілдері;</li> <li>2. Байланыс ақпараттық орталықтарының қызметін бағалау үшін ұйымда қолданылатын негізгі тиімділік көрсеткіштерінің тізімі мен мақсатты мәндері.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	<p>Дағды 6: Ұйым ішінде қашықтықтан ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуге қатысатын бөлімшелердің өзара әрекеттесуін ұйымдастыру.</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Байланыс ақпараттық орталығының негізгі құрылымдық бөлімшелерінің қызметінің тиімділігін бағалау;</li> <li>2. Бағалау нәтижелерінің негізінде қызметті түзету.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Басқару командасының мүшелері арасында әртүрлі қызмет мәселелері бойынша ақпараттың тұрақты алмасуын қамтамасыз етудің әдістері мен технологиялары;</li> <li>2. Ұйым құрылымын анықтау, сондай-ақ стратегиялық тапсырмаларды тиімді шешу үшін принциптер, әдістер, технологиялар және құралдар.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 3: Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетудің барлық жүйелері мен процестерінің жұмысын бақылау.	<p>Дағды 1: Қашықтықтан ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету бөлімшелерінің бақылау жүйесіндегі проблемаларды анықтау және оның тиімділігін бағалау.</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қашықтықтан ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету бөлімшелерінің (топтардың, қызметтердің, бөлімдердің) қызметіндегі жоспарлы көрсеткіштерден ауытқуларды анықтау;</li> <li>2. Қашықтықтан ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету бөлімшелерінің (топтардың, қызметтердің, бөлімдердің) басқару тиімділігі мен нәтижелілігі туралы мүдделі тараптарға есеп беру жүйесін ұйымдастыру.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қызметкерлерді ынталандыру және олардың адалдығын қамтамасыз ету теориялары;</li> <li>2. Ара-өлеуметтік және іскерлік қарым-қатынас, келіссөздер жүргізу, қақтығыстарды басқару теориялары;</li> <li>3. Байланыс ақпараттық орталықтарының қызметін бағалау үшін ұйымда қолданылатын негізгі тиімділік көрсеткіштерінің тізімі мен мақсатты мәндері.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылады

	<p><b>Дағды 2:</b> Қашықтықтан клиенттерге ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету бизнес-процестерін бақылау формалары мен әдістерін анықтау.</p>	<p><b>Машықтар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Байланыс ақпараттық орталықтарында бақылау жүйесін құру әдістемелерін қолдану;</li> <li>2. Анықталған сәйкессіздіктерді жою мақсатында түзетуші және алдын алу шараларын ұйымдастыру;</li> <li>3. Байланыс ақпараттық орталықтарында бақылау мақсатында ақпараттық технологияларды пайдалану.</li> </ol>
		<p><b>Білімдер:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Байланыс ақпараттық орталықтарындағы басқару процестерінің негізгі көрсеткіштері және оларды есептеу әдістері;</li> <li>2. Қашықтықтан клиенттерге ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету қызметін ұйымдастыру негіздері;</li> <li>3. Байланыс ақпараттық орталықтарындағы қызметті бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау әдістері.</li> </ol>
	<p><b>Дағдыны тану мүмкіндігі:</b></p>	<p>Ұсынылады</p>
	<p><b>Дағды 3:</b> Қашықтықтан клиенттерге ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету қызметкерлерінің жұмыс сапасын қамтамасыз ету және қызмет көрсету стандарттарының орындалуын бақылау.</p>	<p><b>Машықтар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұйымда әзірленген регламенттер мен стандарттарға сәйкес орындалатын жұмыстардың сапасын салыстырмалы талдау жүргізу;</li> <li>2. Қызметкерлерге конструктивті кері байланыс беру, қателіктерді көрсету және оларды түзету жолдарын ұсыну;</li> <li>3. Қызмет көрсету сапасын бағалау үшін жасырын сатып алушы, қоңырауларды талдау, клиенттер сауалнамалары сияқты әртүрлі әдістерді қолдану.</li> </ol>
		<p><b>Білімдер:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұйымда әзірленген регламенттер мен стандарттарға сәйкес орындалатын жұмыстардың сапасын бағалау әдістері;</li> <li>2. Байланыс ақпараттық орталықтарындағы қызметті бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау әдістері;</li> <li>3. Қызмет көрсету стандарттарына әсер ететін кәсіпорынның құндылықтары мен принциптері.</li> </ol>
	<p><b>Дағдыны тану мүмкіндігі:</b></p>	<p>Ұсынылады</p>
<p>Қосымша еңбек функциясы 1: Ұйым деңгейінде ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету жүйелері мен процестерін жетілдіру жобаларын басқару.</p>	<p><b>Дағды 1:</b> Байланыс ақпараттық орталығында өзгерістерге деген қажеттілікті анықтау және инновациялық технологияларды енгізу.</p>	<p><b>Машықтар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ақпаратты талдау, жүйелеу және қорытындылау;</li> <li>2. Процестер мен әкімшілік регламенттерді жетілдіруге қатысты ұсыныстарды әзірлеу және негіздеу.</li> </ol>
		<p><b>Білімдер:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Байланыс ақпараттық орталықтарының қызметін бағалау үшін ұйымда қолданылатын негізгі тиімділік көрсеткіштерінің тізімі мен мақсатты мәндері;</li> <li>2. Жобаларды басқарудың негіздері;</li> <li>3. Өзгерістерді басқару принциптері мен әдістері;</li> <li>4. Ұлттық және халықаралық стандарттар мен талаптарды сипаттаудың үздік тәжірибелері;</li> <li>5. Өзгерістерді басқару процедуралары.</li> </ol>
	<p><b>Дағдыны тану мүмкіндігі:</b></p>	<p>Ұсынылады</p>

	Дағды 2: Байланыс ақпараттық орталығын дамыту аясында өзгерістерді енгізуді жоспарлау және басқару.	Машықтар: 1. Бизнестік процестерді немесе әкімшілік регламенттерді жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және оның орындалуын басқару; 2. Бизнестік процесс немесе әкімшілік регламентті жетілдіруге қажетті ресурстарды бағалау; 3. Таңдалған шешімдердің тәуекелдерін бағалау; 4. Корпоративтік ақпараттық жүйелермен интеграция талаптарын әзірлеу; 5. Мәселелерді, қажеттіліктерді және мүмкіндіктерді талдау негізінде мақсаттарды анықтау.
		Білімдер: 1. Жобалық жұмыстарды жоспарлау; 2. Жүйелерге қойылатын талаптарды әзірлеу әдістемелері және талаптар құжаттарының үлгілері; 3. Қажеттілікті анықтайтын негізгі факторларды талдау әдістемелері; 4. Байланыс ақпараттық орталығының стратегиясы мен тактикасындағы өзгерістер; 5. Жаңа нарық мүмкіндіктерін іздеу және бағалау технологиялары, бизнестік идеяларды қалыптастыру алгоритмдері, байланыс ақпараттық орталығының дамуына ықпал ететін; 6. Байланыс ақпараттық орталығында корпоративтік нормалар мен қызмет стандарттарын өзгерістер енгізу әдістемелері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылады
	Дағды 3: Байланыс ақпараттық орталығының қызметін ұйымдастыру және басқаруда инновациялық технологияларды енгізудің тиімділігін бағалау.	Машықтар: 1. Байланыс ақпараттық орталығының бәсекеге қабілеттілігін арттыру жобаларын әзірлеп жүзеге асыру; 2. Белгісіздік жағдайында байланыс ақпараттық орталығының дамуына қатысты стратегиялық шешімдер қабылдау; 3. Ұйымдастыру процестерін жетілдіру бойынша ұсыныстарды қалыптастырып, іс-шаралар жоспарын жоспарлау.
		Білімдер: 1. Байланыс ақпараттық орталығында өзгерістер енгізу жобасын жүзеге асыру кезінде жобалық команданы басқару әдістері; 2. Байланыс ақпараттық орталығы ұжымы арасында өзгерістерге қарсылықты жеңу тәсілдері мен әдістері; 3. Байланыс ақпараттық орталықтарының қызметін бағалау үшін ұйым қолданатын негізгі тиімділік көрсеткіштерінің тізімі мен мақсатты мәндері; 4. Қызметкерлерді оқыту процесін ұйымдастыру және жүргізудің негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылады
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Аналитикалық қабілеттер, тәуекелдерді басқару, коммуникативтік дағдылар және көшбасшылық қасиеттер, ұйымдастырушылық қабілеттер, клиентке бағдарланушылық, стресске төзімділік.	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	СТ РК ISO 18295-1-2020 «Контакт-орталықтары» 1-бөлім. Контакт-орталықтарға қойылатын талаптар EN 15838:2009 стандарты СОРС-OSP стандарты	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	6	2421-0-013 Қызмет көрсетудің сапасын талдау және бақылау маманы
	6	2631-0-001 Аналитик

	6	1329-1-050 Тобының жетекшісі (басқа салаларға маманданған)	
	7	1234-2-001 Call-орталық басшысы (басқарушы)	
10. Кәсіптің карточкасы «Көрсетілетін қызметтердің сапасын талдау және бақылау жөніндегі маман»:			
Топтың коды:	2421-0		
Қызмет атауының коды:	2421-0-013		
Кәсіптің атауы:	Көрсетілетін қызметтердің сапасын талдау және бақылау жөніндегі маман		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы, 43-параграф		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Анықтамалық-ақпараттық қызметтер саласында кемінде үш жыл расталған еңбек өтілі болуы міндетті.		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Мамандандырылған курстарда немесе кәсіпорындарда оқыту нәтижелерін құжаттық растамасы бар бейресми білімнің болуы немесе маманның құзыреттілігі мен тәжірибесін растайтын (мысалы, сертификаттар, кәсіби еңбек өтілі) информалды білімнің болуы мүмкін. Алайда, тиісті қызмет саласында кемінде үш жыл еңбек өтілі міндетті түрде расталуы тиіс.		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2413-5-003 - Комплаенс маманы 3349-0-009 - Сапа жөніндегі әкімші 2141-4-004 - Сапаны бақылау жөніндегі инженер		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Клиенттерге қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету үшін негізгі көрсеткіштерді тұрақты бақылау, өтініштерді өңдеуді бағалау, стандарттардың сақталуын қадағалау, даулы жағдайларды талдау, қызметкерлердің кәсіби дамуын ұйымдастыру және нәтижелерді рәсімдеу жүргізіледі.		
<b>Еңбек функциялардың сипаттамасы</b>			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Клиенттердің өтініштерін өңдеу барысын бақылау. 2. Клиенттердің өтініштерін өңдеу кезінде мамандардың іс-әрекеттерін бағалау жүргізу	
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Клиенттердің өтініштерін өңдеу сапасын өлшеу нәтижелерін рәсімдеу. 2. Клиенттердің өтініштерін мониторингтеу процесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу.	
Еңбек функциясы 1: Клиенттердің өтініштерін өңдеу барысын бақылау.	Дағды 1: Дауыстық байланыс арналары арқылы жүзеге асырылған клиенттер мен қашықтан қызмет көрсетуші мамандар арасындағы диалогтарды тыңдау.	Машықтар:	
		1. Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуші маманның нақты іс-әрекеттерін клиенттің өтініш мақсатына сәйкес келетін іс-әрекеттермен салыстыру; 2. Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетушінің іс-әрекеттерінің жергілікті нормативтік актілер мен сыртқы реттеушілер талаптарына сәйкестігін бағалау; 3. Қажетті ақпаратты дерекқорлардан, білім базаларынан және тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуден табу; 4. Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуші мамандардың (операторлардың) қателіктерін клиенттер, кәсіпорын және реттеуші органдар тұрғысынан маңыздылығына қарай жіктеу.	

	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Байланыс ақпараттық орталығында сапаны бақылау үшін қолданылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету;</li> <li>2. Байланыс ақпараттық орталығында клиенттерге ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсететін мамандар өз жұмысында пайдаланатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету;</li> <li>3. Кәсіпорында қызметкерлерді жеке деңгейде бағалау үшін қолданылатын негізгі тиімділік көрсеткіштерінің тізбесі мен олардың нысаналы мәндері;</li> <li>4. Кәсіпорынның өнімдері мен қызметтері туралы ақпарат;</li> <li>5. Байланыс ақпараттық орталықтарын басқару саласындағы ұлттық және халықаралық стандарттардың негізгі талаптары;</li> <li>6. Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің негізгі ережелері.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Дағды 2: Мониторинг жүргізу үшін клиенттердің өртүрлі коммуникация арналары бойынша өтініш жазбаларын таңдап алу.	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қажетті ақпаратты дерекқорлардан, білім базаларынан және тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуден табу;</li> <li>2. Клиенттердің өтініш жазбаларын тақырыптар, топтар немесе басқа да критерийлер бойынша таңдау;</li> <li>3. Байланыс ақпараттық орталығында сапаны бақылау үшін қолданылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуде баптаулар мен формулаларды пайдалану;</li> <li>4. Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсететін мамандардың (операторлардың) қателіктерін клиенттер, кәсіпорын және реттеуші органдар тұрғысынан маңыздылығына қарай жіктеу.</li> </ol>
	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Байланыс ақпараттық орталығында сапаны бақылау үшін қолданылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету;</li> <li>2. Байланыс ақпараттық орталығында клиенттерге ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсететін мамандар өз жұмысында пайдаланатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету;</li> <li>3. Байланыс ақпараттық орталықтарын басқару саласындағы ұлттық және халықаралық стандарттардың негізгі талаптары.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылады
Дағды 3: Қызмет көрсету ережелерін реттейтін жергілікті нормативтік актілерге сәйкес келу тұрғысынан өтініштерді өңдеу процесіндегі мамандардың әрекеттерін талдау.	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуші маманның нақты әрекеттерін клиенттің өтініш мақсатына сәйкес қажетті іс-әрекеттермен салыстыру;</li> <li>2. Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетушінің әрекеттерінің жергілікті нормативтік актілер мен сыртқы реттеушілердің талаптарына сәйкестігін бағалау;</li> <li>3. Қажетті ақпаратты дерекқорлардан, білім базаларынан және тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуден табу;</li> <li>4. Клиенттер, кәсіпорын және реттеуші органдар тұрғысынан маңыздылығына қарай ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуші мамандардың қателіктерін жіктеу.</li> </ol>

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Байланыс ақпараттық орталықтарын басқару саласындағы ұлттық және халықаралық стандарттардың негізгі талаптары;</li> <li>2. Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің негізгі ережелері.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	<p>Дағды 4: Қашықтан қызмет көрсету мамандары мен клиенттер арасындағы мәтіндік коммуникация арналары арқылы жүргізілетін хат алмасу барысында туындайтын хабарламалардың мәтінін тексеру және түзету.</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қажетті ақпаратты дерекқорлардан, білім базаларынан және тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуден табу;</li> <li>2. Клиенттерге ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсететін мамандардың қателіктерін клиенттер, кәсіпорын және реттеуші органдар тұрғысынан маңыздылығы бойынша жіктеу.</li> </ol>
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кәсіпорынның өнімдері мен қызметтері туралы ақпарат;</li> <li>2. Байланыс ақпараттық орталықтарын басқару саласындағы ұлттық және халықаралық стандарттардың негізгі талаптары.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Клиенттердің өтініштерін өңдеу кезінде мамандардың іс-әрекеттерін бағалау жүргізу	<p>Дағды 1: Оценка степени полноты и достоверности решения вопроса клиента и выявление несоответствий требованиям, установленным локальными нормативными актами и внешними регуляторами (ошибок)</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуші маманның нақты әрекеттерін клиенттің өтініш мақсатына сәйкес қажетті іс-әрекеттермен салыстыру;</li> <li>2. Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетушінің әрекеттерінің жергілікті нормативтік актілер мен сыртқы реттеушілер талаптарына сәйкестігін бағалау;</li> <li>3. Клиенттер, кәсіпорын және реттеуші органдар тұрғысынан маңыздылығына қарай ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуші мамандардың қателіктерін жіктеу.</li> </ol>
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қызметкерлерді жеке деңгейде бағалау үшін кәсіпорында қолданылатын негізгі тиімділік көрсеткіштерінің тізбесі мен олардың нысаналы мәндері;</li> <li>2. Байланыс ақпараттық орталықтарын басқару саласындағы ұлттық стандарттардың негізгі талаптары;</li> <li>3. Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің негізгі ережелері;</li> <li>4. Байланыс ақпараттық орталығында сапаны бақылау үшін қолданылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету;</li> <li>5. Байланыс ақпараттық орталығында клиенттерге ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсететін мамандар өз жұмысында пайдаланатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылады

	Дағды 2: Жергілікті нормативтік актілерде анықталған белгілерге сәйкес анықталған қателіктерді жіктеу.	Машықтар: 1. Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуші маманның әрекеттерінің жергілікті нормативтік актілер мен сыртқы реттеушілер талаптарына сәйкестігін бағалау; 2. Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуші мамандардың қателіктерін клиенттер, кәсіпорын және реттеуші органдар тұрғысынан маңыздылығына қарай жіктеу.
		Білімдер: 1. Байланыс ақпараттық орталығында сапаны бақылау үшін қолданылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету; 2. Байланыс ақпараттық орталығында клиенттерге ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсететін мамандар өз жұмысында пайдаланатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылады
	Дағды 3: Клиенттің мәселесін шешудің толықтығы мен сенімділігін бағалауды негіздеу үшін қосымша ақпаратты іздеу	Машықтар: 1. Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуші маманның әрекеттерінің жергілікті нормативтік актілер мен сыртқы реттеуші талаптарына сәйкестігін бағалау; 2. Қажетті ақпаратты дерекқорлардан, білім базаларынан және тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуден табу.
	Білімдер: 1. Байланыс ақпараттық орталығында сапаны бақылау үшін қолданылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету; 2. Байланыс ақпараттық орталығында клиенттерге ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсететін мамандар өз жұмысында пайдаланатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету.	
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
	Дағды 4: Клиенттерге ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуші мамандардың өтініштерді өңдеу кезіндегі іс-әрекеттерін бағалау әдістері мен ережелерін жетілдіру мақсатында калибрлеу сессияларына қатысу.	Машықтар: 1. Ұйымдағы клиенттерге ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуші мамандардың іс-әрекеттерін бағалау әдістері мен ережелерін пайдалану; 2. Клиенттерге ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуші мамандардың іс-әрекеттерін бағалау әдістері мен ережелерін жетілдіруге арналған ұсыныстар мен кеңестер әзірлеу.
		Білімдер: 1. Байланыс ақпараттық орталықтарын басқару саласындағы ұлттық және халықаралық стандарттардың калибрлеу сессияларын өткізу рәсімдеріне қатысты негізгі талаптары; 2. Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуші мамандардың іс-әрекеттерін бағалау әдістері мен ережелері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылады
Қосымша еңбек функциясы 1: Клиенттердің өтініштерін өңдеу сапасын өлшеу нәтижелерін рәсімдеу.	Дағды 1: Кәсіпорындағы ішкі стандарттардың талаптарына сәйкес мониторинг нәтижелері бойынша есеп дайындау.	Машықтар: 1. Кәсіпорындағы ішкі стандарттардың талаптарына сәйкес мониторинг нәтижелері бойынша құжат жүргізу және есеп дайындау; 2. Мониторинг нәтижелеріне негізделген қорытындылар мен ұсыныстарды тұжырымдау; 3. Әрбір маманға және мамандар тобына сапа мониторингі нәтижелері бойынша есеп құру.

		Білімдер:
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мониторинг нәтижелері бойынша есептерді дайындауды реттейтін ұйым стандарттары;</li> <li>2. Кәсіпорындағы ішкі стандарттардың талаптарына сәйкес мониторинг нәтижелерін өңдеуге қойылатын талаптар;</li> <li>3. Есептерді рәсімдеуге арналған нормативтік құжаттама.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:		Ұсынылады
Дағды 2: Мониторинг нәтижелері бойынша бағаланған мамандарға және олардың тікелей жетекшілеріне жазбаша кері байланыс беру		Машықтар:
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бағаланған мамандар мен олардың тікелей жетекшілеріне мониторинг нәтижелері бойынша жазбаша кері байланыс беру сессияларын өткізу;</li> <li>2. Құжаттаманы іскерлік хат алмасу формалары мен әдістерін пайдалана отырып рәсімдеу.</li> </ol>
		Білімдер:
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Байланыс ақпараттық орталығында сапаны бақылау үшін қолданылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету;</li> <li>2. Ұйымда қызметкерлерді жеке деңгейде бағалау үшін қолданылатын негізгі тиімділік көрсеткіштерінің тізбесі мен нысаналы мөндері;</li> <li>3. Клиенттерге қызмет көрсету сапасын бақылау саласындағы әдістемелік құжаттардың, ұлттық және халықаралық стандарттардың негізгі ережелері.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:		Ұсынылады
Дағды 3: Мониторингтен өткен әрбір өтініш пен әрбір маманға белгіленген ережелерге сәйкес бағалау жүргізу және бағалауды негіздеу		Машықтар:
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуші маманның нақты әрекеттерін клиенттің өтініш мақсатына сәйкес қажетті іс-әрекеттермен салыстыру;</li> <li>2. Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетушінің іс-әрекеттерінің жергілікті нормативтік актілер мен сыртқы реттеушілер талаптарына сәйкестігін бағалау;</li> <li>3. Мониторинг нәтижелерін бағалау үшін белгіленген есептеу ережелерін қолдану;</li> <li>4. Жеке маманға арналған клиент өтініштерін өңдеу сапасының жинақталған бағасын есептеу.</li> </ol>
		Білімдер:
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Калибрлеу сессияларын өткізу рәсімдері бойынша байланыс ақпараттық орталықтарын басқару саласындағы ұлттық стандарттардың негізгі талаптарын;</li> <li>2. Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету жөніндегі мамандардың әрекеттерін бағалау әдістері мен қағидаларын;</li> <li>3. Мониторинг нәтижелерін цифрландыру қағидаларын.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:		Ұсынылады
Қосымша еңбек функциясы 2: Клиенттердің өтініштерін мониторингтеу процесін		

жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу.	Дағды 1: Клиенттердің өтініштерін мониторингтеу процесін жетілдіру үшін деректерді талдау.	Машықтар: 1. Қажетті ақпаратты дерекқорлардан, білім базаларынан және тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуден табу; 2. Клиенттерге ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуші мамандардың қателіктерін клиенттер, кәсіпорын және реттеуші органдар тұрғысынан маңыздылығы бойынша жіктеу; 3. Шешім нұсқаларын әзірлеу және олардың жүзеге асырылуына байланысты тәуекелдерді бағалау; 4. Сапаны бақылау саласындағы кәсіби міндеттерді орындаудың типтік әдістері мен тәсілдерін пайдалану; 5. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, соның ішінде «Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісінің ресурстарын пайдалану; 6. Байланыс ақпараттық орталығының стратегиясы мен тактикасындағы өзгерістер көрсеткіштерін талдау.
		Білімдер: 1. Қызметкерлерді жеке деңгейде бағалау үшін кәсіпорында қолданылатын негізгі тиімділік көрсеткіштерінің тізбесі мен олардың нысаналы мәндері; 2. Кәсіпорынның өнімдері мен қызметтері туралы ақпарат; 3. Байланыс ақпараттық орталықтарын басқару саласындағы ұлттық және халықаралық стандарттардың негізгі талаптары; 4. Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің негізгі ережелері; 5. Қазақстан Республикасының жеке деректерді қорғау және олардың қауіпсіздігі саласындағы заңнамасы; 6. Қазақстан Республикасының информатизация саласындағы заңнамасы.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылады
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жоғары деңгейдегі стресс төзімділігі; туындайтын мәселелерге жедел әрекет ету қабілеті; егжей-тегжейге мұқияттық; командада жұмыс істей білу; коммуникабельділік; табандылық пен мақсаттылық.	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	СТ РК ISO 18295-1-2020 «Контакт-орталықтар. 1-бөлім. Контакт-орталықтарға қойылатын талаптар» стандарты; EN 15838:2009 стандарты; COPC OSP стандарты (Customer Operations Performance Center — Outsource Service Provider) — сыртқы қызмет көрсетушілерге арналған стандарт.	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	4	4224-5-003 Оператор колл-центра
	6	2631-0-001 Аналитик
	6	1329-1-050 (Басқа салаларға маманданған) топ жетекшісі
	6	1234-2-001 Руководитель (управляющий) Call-центр
11. Кәсіптің карточкасы «Call-орталық қызметкері»:		
Топтың коды:	4224-5	
Қызмет атауының коды:	4224-5-003	
Кәсіптің атауы:	Call-орталық қызметкері	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3	
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:		

БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы, 43-параграф Параграф 43. Call-орталық операторы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТЖКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Жұмыс өтіліне қойылатын талаптарсыз		
Формалды емес және информформалы біліммен байланыс:	Қашықтан ақпараттық-кеңестік қызмет көрсету саласында бейресми білімнің болуы, егер ол құзыреттер мен маманның тәжірибесін растайтын құжаттармен (сертификаттар, пікірлер және т.б.) дәлелденсе, немесе біліктілікті арттыруға арналған мамандандырылған курстарда оқудан өту нәтижелері құжатпен расталса, жол беріледі.		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	4223-0-003 - Контакт орталығының байланыс операторы 4223-0-004 - Сату орталығының операторы 4223-0-005 - Байланыс жүйесінің операторы 4223-0-007 - Оператор-телефонист 4224-5-002 - Байланыс орталығының маманы (оператор) 4224-5-004 - Клиенттермен өзара әрекет жөніндегі ақпарат қызметінің қызметшісі 4224-5-005 - Клиенттермен жұмыс жасау жөніндегі ақпарат қызметінің қызметшісі 4224-5-006 - Call-орталық маманы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	«Клиенттердің өтініштерін қашықтан байланыс арналары арқылы өңдеу»		
<b>Еңбек функциялардың сипаттамасы</b>			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Ақпараттық-анықтамалық қолдауды қамтамасыз ету 2. Кәсіпорынның клиенттеріне техникалық қолдау көрсету мәселелері бойынша кеңес беру	
	Қосымша еңбек функциялары:	1. әсіпорынның өнімдері мен ұсынылатын қызметтері бойынша кеңес беру	
Еңбек функциясы 1: Ақпараттық-анықтамалық қолдауды қамтамасыз ету	Дағды 1: Тұтынушылардың өтініштерін бекітілген сценарийлер мен қызмет көрсету сапасының стандарттарына сәйкес өңдеу	Машықтар:	
		1) жұмыс міндеттерін орындау үшін негізгі бағдарламалық қолданбалар мен «Интернет» ақпараттық-коммуникациялық желісін пайдалану; 2) ақпараттық деректердің үлкен көлемімен жұмыс істеу; 3) жұмыс міндеттерін шешу мақсатында әріптестермен өзара әрекеттесу; 4) дербес компьютерді, оның шеткері құрылғыларын және кеңсе техникасын пайдалану;	
		Білімдер:	
		1) клиенттерге ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету кезінде қолданылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді; 2) кәсіпорында қызметкерлердің жеке тиімділігін бағалау үшін қолданылатын негізгі тиімділік көрсеткіштерінің тізбесі мен нысаналы мәндерін; 3) іскерлік қарым-қатынас ережелері мен сөйлеу этикетін; 4) клиенттердің өтініштерін өңдеуге арналған нұсқаулықтарды, рәсімдер мен сценарийлерді; 5) ақпараттық қауіпсіздік саласындағы Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы заңнамасын;	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Клиент өтініштерін бекітілген ережелер мен сапа стандарттары бойынша өңдеу	

